

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ**

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

ИНСТРУКТИВНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ПИСЬМО

**ПО ОРГАНИЗАЦИИ
ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА
В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И ПРЕДШКОЛЬНЫХ КЛАССАХ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НА 2023-2024 УЧЕБНЫЙ ГОД**

Астана - 2023

Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама).

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Астана қ. 2022ж.–79 бет.

Әдістемелік нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлері мен педагогтеріне және мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына, мектепалды сынып педагогтеріне әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

Балаларды ерте дамыту институты, 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	4
2. Нормативті құқықтық қамтамасыз ету	7
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету	9
4. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару	27
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын басқару	31
6. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін жылдық жоспарлау	58
7. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру	
8. Әдебиеттер тізімі	
9. Қосымшалар	
<i>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторинг критерийлері мен индикаторлары</i>	35
<i>Перспективалық жоспар үлгісі</i>	60
<i>Циклограмма үлгісі</i>	61
<i>Баланың жеке даму картасының үлгісі</i>	63

КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім беру жүйесінің бастапқы деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады (Заңның 30-бабы).

Бүгінгі күні елімізде балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтумен бірге мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын қызметтің сапасын арттыру үшін кешенді шаралар қабылдануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған.

Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жүзеге асыру үшін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) [5] әзірленді. Сонымен қатар Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді [6].

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды даярлық сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [8], «Педагог мәртебесі туралы» [9] Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі [1], Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [10] негізінде әзірленген.

Әдістемелік-нұсқау хат 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету үшін меншік түріне,

нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтеріне және мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарларына, мектепалды сыныптарының педагогтеріне арналған, ол:

- мектепке дейінгі ұйымдарда және жалпы білім беретін мектептерде, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды;

- тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін;

- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласы педагогтерінің негізгі міндеттерін;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын меңгерту бойынша мониторингті қамтиды.

Әдістемелік нұсқау хатта негізгі міндеттер белгіленген:

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

- тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы үйрету;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.irrd.kz сайтында қолжетімді болады.



НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады [1-4], [8-9], [11-13], [14-23]:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P0800000077>

Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V0900005750>

Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау

жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

Педагогикалық әдеп қағидалары

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619>

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ӘДІСТЕМЕЛІКҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі - Институт) www.irrd.kz порталы [24] қамтамасыз етеді.

Сайтта:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер (НҚА айдары);
- әдістемелік ұсынымдар, құралдар және т.б. (әдістемелік әзірлемелер айдары);
- Институттың жылдық жұмыс жоспары;
- республикалық конкурстарды өткізу туралы ережелер, сондай-ақ өткізілген іс-шаралардың қорытынды ақпараттары және т.б. орналастырылған [24].



Назар аударыңыз!

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға әдістемелік ұсынымдар:

- заттық-дамытушыортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу;
- тәрбиелеу білім беру процесін, күн тәртібін, ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру;
- материалдар (ұлттық, қимылды ойындар, ертегілер, мобильді кітапхананы құруға қажетті материалдар, балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыру бойынша бейнероликтер сілтемелері, бейнероликтер және аудиоматериалдар сілтемелері және басқалар) берілген.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_ru_131222.pdf

Білім беру ортасының белгілі бір сапасын, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етпейінше бала тұлғасының толыққанды дамуы мен денсаулығын сақтау мүмкін емес. Қауіпсіздік – тұлғаның қалыпты дамуы, қоғам, әлеуметтік орта үшін қажетті жағдай.



Назар аударыңыз!

Оқу сапасын арттыруға ықпал ететін жайлы жағдай, қол жетімді білім беру ортасын құру үшін Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру

ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық ұсынылады.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/MR_1.pdf

Қазіргі әлемде ешкім техногендік апаттардан да, табиғи апаттардан да сақтандырылмаған. Бүгінде өмірдің өзі ересектерді ғана емес, мектеп жасына дейінгі балаларды да өмір қауіпсіздігі негіздеріне оқыту қажеттілігін дәлелдеді.



Назар аударыңыз!

Төтенше жағдайлар мен табиғи апаттар кезінде мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіз мінез-құлық негіздерін үйрету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу үшін ұсынылады.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/mr_28102022.pdf

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленді. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету болып табылады.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2023/1801_rus_monitoring.pdf

Мектепке дейінгі ұйымдағы ойын әрекеті тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру мен мазмұнның ажырамас бөлігі болып табылады. Ойын әрекеті балалар үшін маңызды, ойын арқылы бір жағынан тәрбиеленушілердің танымы кеңейеді, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын түсінеді. Екінші жағынан, тәрбиеші ойынды белсенділік түрлері мен өзара әрекет нұсқалары арқылы тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі әрекет түрі ретінде пайдаланады.



Назар аударыңыз!

Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру әдістері бойынша әдістемелік ұсынымдарды түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру және басшылық ету әдістерінде, балалардың ойын әрекетін дамыту бойынша тәрбиешінің міндеттерінде, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптарда және ойын әрекетін

ұйымдастырудағы қауіпсіздік талаптарында қолдануға болады.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/mr_29092022.pdf

Мерекелер мен ойын-сауық мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басын қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Сонымен қатар, балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын оятады, ұжымда әрекет ету қабілетін дамытады, қоғамда мінез-құлық тәжірибесін жинақтауға, бастамашылық пен дербестік танытуға ықпал етеді.



Назар аударыңыз!

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, тапқырлық пен шешендік өнерді ұштастыруға, сондай-ақ суырып салмалық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі бағалауын арттыруға көмектеседі.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/MR_3110522_rus.pdf

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/01_0pdf 6.pdf 5.pdf 5.pdf 5.pdf 5.pdf

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/01_0

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/07_0

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/09_0

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/09_0

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/05/01_0



Назар аударыңыз!

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу -білім беру процесіне ата-

аналарды тарту тәрбиелеу процесін жүзеге асыруда қажетті іс-әрекет болып табылады. Қазіргі кезеңде тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара әрекет етуге, ынтымақтастыққа, оларды мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне тартуға ерекше назар аударылады.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдары педагогтерге көмек ретінде ұсынылады.

<http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2023/04/200423.pdf>

Қазіргі кезеңде адаммен табиғаттың дәстүрлі өзара әрекеті жаһандық экологиялық проблемаға айналды. Егерде адамдар таяу арада табиғатты қорғауды үйренбесе, онда олар болашағына зиян келтіреді, оның алдын алу үшін экологиялық мәдениет пен жауапкершілікке тәрбиелеуіміз қажет. Экологиялық тәрбие мектепке дейінгі жастан басталуы тиіс, себебі балалық шақтың осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсерде болады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсінік, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтері қаланады.



Назар аударыңыз!

«Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік нұсқаулықта мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне үшін ұсынымдар қарастырылған.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2023/07/mr_3107.pdf

Сонымен қатар Орталықтың сайтында «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық журналы («Әдістемелік материалдар» айдары) орналастырылған, онда мектепке дейінгі ұйымдардың, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарының педагогтері тегін өз мақалаларын жариялай алады. Осы айдарда мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар мен ережелермен танысуға болады. Сонымен қатар өткізілген вебинарлардың, практикалық семинарлардың материалдары, бейнежазбалары педагогтер үшін сайттың «Жаңалықтар» айдарында орналастырылған.

Бұл портал қолжетімді, материал тегін жүктеледі.

Сонымен қатар, сайтта Jivosait айдары жұмыс істейді, онда Институт мамандары педагогикалық және ата-аналар қауымдастығының сұрақтарына жауап береді.

Мектепке дейінгі білім беру бойынша өзекті ақпараттар орналастыру үшін әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram, Telegram, WhatsApp) білім басқармалары мамандарының, мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен педагогтерінің чаты құрылған.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫ БАСҚАРУ

Басқарудың негізгі қағидалары

1. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы ортасын стратегиялық талдау.
2. Кадр саясаты тұжырымдамасын әзірлеу.
3. Кадрлық менеджменттің негізгі қағидаларын айқындау.
4. Педагогтермен, қызметкерлермен мақсатты жұмыс стратегиясын қалыптастыру.
5. Ұйымдастыру жұмысының тиімді тетігін қалыптастыру.
6. Кадрлармен жұмыс істеудің инновациялық нысандары мен әдістерін әзірлеу.
7. Ұзақ мерзімді перспективада кадрлық қамтамасыз ету стратегиясын құру.
8. Ынтымақтастық үшін отбасымен өзара әрекет жасаудың ықпалды тәжірибесін енгізу.

Мектепке дейінгі ұйым менеджментінің негізі осы процесті басқару болып табылады.

Білім беру процесін ұйымдастыру, жылдық жоспарды әзірлеу білім беру бағдарламасының тұжырымдамасына негізделеді; екінші жағынан, білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымның миссиясын, тұжырымдамасын және даму бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемелік құжаты болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымның қызметін жоспарлаудың алдында тәрбиелеу-білім беру жұмысының жайын жан-жақты және терең талдау, әлсіз және күшті жақтарын айқындау, алдағы кезеңге арналған өзекті міндеттерді анықтау қажет.

Жұмысты басшымен нақты жоспарлау, ұжымға негізгі міндеттерді үнемі назарда ұстауға мүмкіндік береді.

Жоспар негізгі құжат болып табылады, оның негізінде мектепке дейінгі ұйымның барлық қызметі ұйымдастырылады. Жоспарлауға жүйелі көзқарас мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жауапты барлық тұлғалардың жоспарларының нақты ойластырылған құрылымы мен мазмұнымен қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жауапты барлық тұлғалардың жоспарларының нақты ойластырылған құрылымы мен мазмұны жоспарлауға жүйелі тәсілді қамтамасыз етіледі. Іске асыру барысында жоспарлар объективті жағдайларға байланысты нақтылануы және түзетілуі мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы:

- мектепке дейінгі ұйым қызметін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады;

- педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады;
- педагогикалық кеңеспен белгіленген тәртіппен оқу жұмыс жоспарларын, қосымша бағдарламаларды әзірлеуді және бекітуді

ұйымдастырады, ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын бақылайды;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді;

- тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне жағдай жасайды;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруға жағдай жасайды;

- ұйымды басқару құрылымын анықтайды, қаржылық, экономикалық, ғылыми, әдістемелік және басқа мәселелерді шешеді;

- тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырады, олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;

- әдістемелік бірлестіктердің қызметіне ықпал етеді;

- балалардың тамақтануы мен медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін жағдай жасайды;

- педагог кадрлар мен көмекші персоналды іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді;

- педагогтер мен басқа да қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасайды;

- ұйымның қызметі туралы есептілікті дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;

Бұл ретте басшылар келесі НҚА-ді басшылыққа алады:

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029323>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200030643>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі білім беру ұйымының дамуына ықпал ететін және оның қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін **алқалы басқару органы ретінде** өз қызметін:

- 1) дербес;

- 2) оның мүшелерінің қызметі өтеусіз негізде;

- 3) еріктілік;

- 4) айқындық;

- 5) ашықтық пен жариялылық қағидаттары негізінде жүзеге асырады. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015584>

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету:

- 1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағымды қарым-қатынас қалыптастыру;

- 2) инклюзивті білім беру процесін оқу-әдістемелік сүйемелдеуді жетілдіру;

- 3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім беру ортасына

қосу процесін, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің практикаға-бағдарланған технологияларын пайдалану тетіктерін, нысандарын, тәсілдерін әзірлеу және енгізу;

4) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте анықтау жүйесін жетілдіру және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру;

5) инклюзивті білім беруді ақпараттық-консультациялық қолдауды жүзеге асыру; қызметі инклюзивті білім беру мәселелерін шешумен байланысты ұйымдардың әлеуметтік әріптестігін дамыту;

6) инклюзивті практиканы жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың қажеттіліктерін болжау жүйесін дамыту;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалары бар топтарды қажетті білікті мамандармен қамтамасыз ету (логопед, олигофренопедагог, тифлопедагог, сурдопедагог және т.б.) арқылы қамтамасыз етіледі.

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V220002651>

3

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН БАСҚАРУ

Құзыреттілік орталықтары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үздік тәжірибелерін тарату және тәрбиешілердің кәсіби әлеуетін арттыру үшін 79 мектепке дейінгі ұйым базасында тұрақты негізде «құзыреттілік орталықтары» құрылды.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/npa/2023/07/prikaz_r_04.PDF

Басқа серіктес ұйымдардың ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мектепке дейінгі ұйымдарды әдістемелік сүйемелдеу сапалы жаңа деңгейге көтеріледі.

Міндеттер:

- Тікелей әкімшіліктен мотивация жүйесін қалыптастыруға, педагогтердің шығармашылық бастамасын дамытуға көшуді қамтамасыз ету
- Баланың дамуына әсер ететін қоршаған ортаның нақты көрсеткіштері негізінде білім беру қызметтерін көрсету сапасын басқару тетігін әзірлеу
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтерінің кәсіби деңгейін арттыру
- Сапалы білім беру қызметтерін ұсынуда мектепке дейінгі ұйымдардың әлеуетін арттыру
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында көшбасшы басқарушылар корпусын құру
- Білім беру сапасының көрсеткіштері төмен мектепке дейінгі ұйымдардағы жағдайды жақсарту

Заманауи әлемдік үрдістер педагогтердің әр баланың толыққанды дамуы

үшін жағдай жасауға баса назар аударатынын көрсетеді, яғни баланы дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процестеріне жеке тәсілді қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларға басымдық беру қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдарға даму бағытын дербес анықтау мүмкіндігі

берілетін болады, оның негізінде балама дамыту бағдарламалары әзірленеді және педагогикалық кеңесте бекітіледі.

Жаңа стандартқа сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар вариативтік жеке бейімделген бағдарламаларды, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады; баланың даралығы мен субъективтілігін, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамытуды қолдауға бағдарланған кедергісіз дамытушы ортаны, трансформацияланатын ойындар мен тақырыптық аймақтарды құрады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының критерийі

Білім беру сапасының мәселелеріне қатысты көптеген тәсілдер аясында келесі критерийлер негізгі параметрлер болып анықталды:

- қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес нормалар мен талаптарды сақтау;
- оқу бағдарламасының міндеттерін сапалы іске асыру;
- педагогтердің құзыреттілігінің жоғары деңгейі;
- ортаның қол жетімділігі және дамытушы заттық-кеңістіктік орта жағдайларына сәйкестігі;
- мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық жарақтандырылуы;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналардың тәрбие мен оқыту процесіне қатысуы.

https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780

Сондай-ақ осы құжатта («Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық», №292 бұйрық) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі білім беру ұйымының отбасы мен балаға сапалы қызмет көрсетуін қанағаттандыруға бағытталған сапаны қамтамасыз ету жүйесінің стандарттары анықталған:

Стандарт 1. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

Стандарт 2. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы

Стандарт 3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту

Стандарт 4. Баланың дамуындағы прогресті және тәрбиелеу мен оқытуды бағалау

Стандарт 5. Педагогикалық құрам және персонал

Стандарт 6. Өзара қарым-қатынас: педагог, тәрбиеші, ата-ана және бала

Стандарт 7. Дамытушы орта

Стандарт 8. Қоғамды ақпараттандыру

Стандарт 9. Сапаны мерзімді сыртқы бақылауды қамтамасыз ету

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат сапалы білім беру ортасын құру және дамыту және білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру негізінде мектепке дейінгі ұйым қызметінің сапасын қамтамасыз етуді үздіксіз

жетілдіруге бағытталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту міндеттерін іске асыру кезінде ықтимал тәуекелдер мен қатерлерді болдырмау мақсатында мектепке дейінгі

ұйым ішкі және сыртқы бақылау өлшемдерін қамтитын білім беру қызметтерін көрсету сапасын қамтамасыз ету үшін қызметті өзін-өзі бағалауды жүргізеді. Сыртқы бақылауға дейін әрбір мектепке дейінгі ұйым өзін-өзі бағалауды жүзеге асырады.

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031053>

Өзін-өзі бағалау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету тетігі мектепке дейінгі ұйымдарға нақты проблемаларды, процесті ұйымдастырудағы қиындықтардың себептерін дербес анықтауға және келесі қадамдық әрекеттер арқылы кемшіліктерді жоюдың шараларын жоспарлауға мүмкіндік береді:

1. Өзін-өзі бағалау
2. Талдау
3. Шешім
4. Жоспар
5. Әрекет
6. Мониторинг
7. Даму

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын ішкі қамтамасыз етудің мақсаттары:

- баланың мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіз болуы үшін жағдай жасау;
- балалардың толыққанды дамуы.

Мектепке дейінгі ұйым жылына 3 рет мониторинг (бастапқы, аралық, қорытынды) арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын іске асыру сапасына ішкі бағалау жүргізеді.

<http://irrd.kz/page/read/Monitoring.html>

Мониторинг келесі кезеңдерді қамтиды: мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын бақылау; жас ерекшеліктеріне сәйкес балалардың дағдылары мен біліктерінің қалыптасуын бағалау; педагогтің жұмыс жоспарына түзету шараларын енгізу.

Баланың мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіз болуы үшін жағдайлар нормативтік талаптарға, санитарлық ережелер мен өртке қарсы нормаларға, толыққанды дамуға, дамушы ортаның қолжетімділігін қамтамасыз етуге, білікті кадрлармен қамтамасыз етуге, бейнебақылау жүйесінің болуына сәйкес жүзеге асырылады, бұл сапаны бағалау критерийлерінде ескеріледі.

Сонымен қатар, балалардың толыққанды дамуы қол жетімді дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құрумен және педагогтердің тәрбиеленушілермен сапалы өзара әрекет етуін ұйымдастырумен қамтамасыз етіледі.

Ата-аналардың білім беру қызметтерін көрсету сапасына қанағаттануын анықтау сауалнама жүргізу арқылы, ата-аналардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану индикаторының динамикасы бойынша жүзеге асырылады.

Баланың мектепке дайындығы физикалық, психикалық, әлеуметтік

және эмоционалды-зияткерлік даму деңгейлерімен анықталады [4], бұл оған мектептің білім беру бағдарламасын денсаулыққа зиян келтірместен табысты игеруге көмектеседі. Ата-аналар бұл процестің белсенді қатысушылары бола отырып, қолайлы білім беру ортасын құра алады және оқудың алғашқы маңызды

кезеңінде балаға барынша қолдау көрсете алады.

Келесі ресурстарды басшылыққа алу ұсынылады:

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2023/06/02_30.pdf

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/MR_2.pdf

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЛАУ

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

I. Өткен жылғы жұмысты талдау

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталады.

Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады:

- *денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету*, осы бөлімде: тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы; жыл бойы балалардың ауруы, жұмыс істеген күндері бойынша салыстырмалы сандар, арнайы емдеу-профилактикалық жұмысты ұйымдастыру үшін денсаулық топтары бойынша жиынтық деректер; сауықтыру жұмысын ұйымдастыру, шынықтыру, рационалды тамақтануды ұйымдастыру, жаңадан келген балалардың бейімделу нәтижелерін қысқаша ұсыну қажет. Әрі қарай жалпы тұжырымдар беріледі;

- мектепалды топ балаларының мектепте оқуға дайындық *деңгейі талданады* (Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мектепалды топ балаларының қорытынды мониторингі). Әрі қарай, осы бөлім бойынша жалпы қорытындылар;

- *педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері*, оларды аттестаттау және біліктілігін арттыру; келесі жылға педагогтердің әдістемелік көмекке өтінімдері (сауалнамаларды талдау, бақылау нәтижелері бойынша); МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс жүйелері талданады. Тәрбиелеу-білім беру процесінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі, инновациялық әрекет, эксперимент әрекеті бойынша нәтижелер талданады;

- *тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс* (ата-аналардың сауалнамасының нәтижелері бойынша); мектепке дейінгі ұйым мен жалпы білім беретін мектептің бірлескен жұмыс жоспарларының орындалуы; басқа ұйымдармен жұмыс нәтижелері талданады. Жалпы тұжырымдар;

- *әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары талданады және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары бағаланады.*

II. Жылдық міндеттерді жоспарлау

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі міндеттері ағымдағы оқу жылында Үлгілік оқу бағдарламасы мен Жылдық жоспарды іске асыруды талдау барысында анықталған мәселелерден қисынды түрде туындауы тиіс.

Жылдық жұмыс жоспарында қызмет бағыттары бойынша негізгі міндеттер айқындалады. Міндеттер әрбір мектепке дейінгі ұйым үшін басты болып табылады және өткен жылғы жұмысты талдау негізінде анықталады, оның барысында жұмыстағы проблемалық сәттер айқындалады.

Бұл мәселелер келесі оқу жылына жылдық міндеттерді таңдауды талап етеді.

Жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шаралар:

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру
Бұл бөлімде кадрлармен жұмыс жүйесі жоспарланады:

- біліктілікті арттыру курстарынан өту
(сараланған тәсілді ескере отырып,

педагогтердің әртүрлі санаттары үшін);

- аттестаттауға дайындық және аттестаттау;
- кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында педагогтердің әдістемелік бірлестіктерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, вебинарларға, шеберлік сыныптарына және т. б. баруы;
- педагогтердің өз білімін жетілдіруі.

2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс

Әр түрлі жұмыс нысандары мен әдістерін қолдана отырып, педагогтерге әдістемелік көмек көрсету:

- шығармашылық топтардың жұмысы;
- педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу;
- озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;
- заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;
- жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік

конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу;

- кеңес беру;
- семинарлар, семинар-практикумдар;
- ашық есік күніне қатысу;
- шеберлік сыныптары;
- инновациялық технологияларды сынақтан өткізу және енгізу;
- эксперименттік әрекетке қатысу
- әдістемелік кабинетті жабдықтау және материалдармен толықтыру.

Тәрбие жұмысы. Тәрбиеленушілердің қатысуымен әлеуметтік-адамгершілік, тұлғалық, эстетикалық, экологиялық және дене тәрбиесі бойынша

іс-шаралар (конкурстар, көрмелер, экскурсиялар, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары және т.б. өткізу).

Тәрбиелеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық және медициналық қолдау: педагог-психологтың, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда арнайы педагогтың, медицина қызметкерлерінің жұмыс түрлері.

3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас. Бұл бөлімде тәрбиеленушілердің ата-аналарының (занды өкілдерінің) психологиялық- педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша жұмыс жоспарланады (ата- аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, практикумдар, дөңгелек үстелдер, консультациялар және т. б.):

- балалардың, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен шығармашылығы (конкурстар, акциялар, мерекелер және ойын-сауық);

- ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабардар ету.

4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет. Келісім шарттар жасалған мектептермен және ұйымдармен жұмыста сабақтастық мәселелері бойынша іс- шаралар жоспарланады.

5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2021/01_062021_ru.pdf

6. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны. Бұл бөлім мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы бақылау-диагностикалық қызметімен байланысты және ішкі бақылау жүйесі ретінде ұсынылады. Мұнда бақылаудың түрлері мен нысандары жоспарланады (шұғыл, тақырыптық, кешенді, фронтальды).

7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыстар жоспарланады: - жөндеу жұмыстары, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жарақтандыру және толықтыру және т. б.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру бағдарламасын, мектепке дейінгі білім беру деңгейінде арнайы білім беру бағдарламаларын іске

асыратын жалпы орта және арнайы білім беру ұйымдарында өз қызметінің барлық бағыттары бойынша оқу жылына жұмысты жоспарлау жалпы орта білім

беру деңгейінде де, мектепке дейінгі білім беру деңгейінде де жүзеге асырылады. Қызмет бағыттары нақты мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін

ескере отырып айқындалады және оқу жылына арналған жоспардың әрбір бөлімінде көрсетіледі. Мысалы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар

тәрбиеленушілердің білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау және оларға түзету-педагогикалық көмек көрсету; мектепке дейінгі білім беру

мен бастауыш мектептің сабақтастығын қамтамасыз

ету; жазғы сауықтыру кезеңінде

тәрбиеленушілермен жұмысты ұйымдастыру және т. б.

Жоспардың ұсынылған құрылымына, мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытуды ұйымдастыру қызметінің ерекшелігіне қажеттілігіне қарай толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарын педагогикалық кеңестің отырысында қаралғаннан кейін басшы бекітеді.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

білім

Мектепке дейінгі ұйымдар мен
мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-

беру процесін :

1) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2022 жылғы 31

тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 1-қосымшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік қағидалар) [15];

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі Стандарт) [2];

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді) (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары) [3];

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі –Үлгілік оқу бағдарламасы) [4];

5) Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру ұсынылады .

Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін,

олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы);

- мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы);

- бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы);

- қолжетімді (барлық балалар соның ішінде ерекше білімді қажет ететін балалар үшін білім беру әрекеті жүзеге асырылатын барлық топ бөлмесі, кабинеттер, дәліздердегі ойындар, ойыншықтар, материалдар, құралдардың қол жетімділігі);

- вариативті (ойын әрекеті, шығармашылық әрекетке, оңаша болуға және басқаларға аймақтардың болуы, сондай-ақ түрлі материалдардың, ойындар, ойыншықтардың және жабдықтардың болуы);

- көп атқарымды (балалар жиһаздарын, жұмсақ модулдерді, театрландырылған қойылымдарға арналған шымылдық және басқаларды түрліше қолдану мүмкіндігі, топта балалардың түрлі әрекеттерінде қолдануға болатын табиғи материалдардың, ойындарда қолданатын алмастырушы заттардың болуы);

- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі).

Дамытушы заттық-кеңістіктік орта;

- Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;

- балалардың жастарына сәйкес болуы;

- тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы;

- эмоционалды қолайлық пен баланың жеке басын дамытуға жағдай жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;

- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс. [24]

Заттық-кеңістіктік дамыту ортасын жақсарту үшін Үлгілік бағдарламаның нұсқаулығын пайдалану ұсынылады.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2022/12/rukovodstvo_ru_131222.pdf

Тәрбиелеу-білім беру процесі

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;

- циклограммаға

- Үлгілікоқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторингке сәйкес жүзеге асады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы)
мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру
үшін

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 1- қосымшасына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесіне» (2,3,6 қосымша) сәйкес [25] педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады.



Назар аударыңыз!

Перспективалық жоспарды (2 қосымша) Үлгілік оқу жоспары [3] мен Үлгілік оқу бағдарламасына [4] сәйкес тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп, жасайды. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынады. Педагог міндеттерді балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алуға, өзгертуге немесе түрлендіруге болады.

Циклограмма (4 қосымша) әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс- әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы заттық-кеңістіктік орта құру.

Ұйымдастырылған іс-әрекет – Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектепке дейінгі ұйымның топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттерді

барлық топпен бірге немесе шағын топтармен қызығушылық орталықтарында ұйымдастыруға болады. *Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде* педагог түсіндіруге уақытты көп бөлмей оның орнына көрсетуге, балалардың әрекеттерді орындауына, ойнауына, өз пікірін білдіруіне, зерттеуіне, құрастыруына, сурет салуына, шешім шығаруына және басқаларға мән беруі қажет.

Педагог әрекетінің алгоритмі:

- балаларға айтып беру;
- балаларға көрсету;
- балалармен бірге орындау.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күнібойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілі (штаттық кестеге сәйкес қазақ тілі маманы болған жағдайда), дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері кесте бойынша өткізіледі. «Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Математика негіздері», «Сенсорика», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» ұйымдастырылған іс-әрекеттері әр баланың қызығушылықтары, ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке балалардың түрлі әрекеттері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылады[24].

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекет тек топ бөлмесінде ғана емес сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттер болған жағдайда кабинеттерде, дәліздерде, ойын алаңдарында, серуен кезінде және т.б. балаларға ыңғайлы жағдайларда өткізу ұсынылады [24]. Мектепалды топта, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны аптасына - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Мектепке дейінгі ұйымдардағы мектепалды топтарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады [24].

Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

Циклограмма тәрбиеленушілердің мектепалды даярлық сыныбында болу уақытына жасалады (4-қосымша). Мектепалды сыныптарда таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі жаттығу, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т. б.), серуендеу,

жеке жұмыс, сондай-ақ Үлгілік оқу жоспарына сәйкес кесте бойынша

ұйымдастырылған іс-әрекет өткізіледі [24].

Балаларды дамытуда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады [24].

Түрлі жас топтары перспективалық жоспарында балалардың жасына сәйкес (егер 3, 4 немесе 5 жастағы балалар болса онда осы аталған жас балалары үшін) Үлгілік оқу бағдарламасына [4] сәйкес міндеттер жеке-жеке көрсетіліп, ортақ бір перспективалық жоспар жасалады. Ал циклограмма жасау кезінде перспективалық жоспарда ұсынылған міндеттерді іске асыру үшін балалардың түрлі әрекеттері айқындалады. Балалардың түрлі әрекеттерін ойын түрінде ұйымдастыруда балаларға тапсырмалар жасына сәйкес беріледі.

Циклограмманың «ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылады. Содан кейін перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді іске асыру үшін әр күнге кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері айқындалады.



Назар аударыңыз!

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке [15], дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі);

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі.

Жазғы сауықтыру кезеңінде мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысты ұйымдастыру мәселелерінде әдістемелік көмек ретінде Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды пайдалану ұсынылады.

http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2021/01062021_ru.pdf

Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттері:

- 1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;
- 4) азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына

деген
сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

5) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара ықпалдастық;

6) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.



Назар аударыңыз!

Балалардың қауіпсіздігі мен өмірін қорғау мәселелері бойынша «Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдайлар жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық» Нұсқаулығын келесі сілтеме: http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/2022/MR_1.pdf бойынша пайдалану ұсынылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту

Жас кезеңдері мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар) – 2 жастағы балалар;
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарында оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 31 мамырға дейін жүзеге асырылады (Үлгілік бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі).

Мектептердің (лицей, гимназия) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес оқу жылы бойы каникул күндері белгіленеді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бірінші сынып оқушысының мектепте оқуға қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептер жанынан жазғы кезеңде мектеп жасына жеткен, бірақ мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін қысқа мерзімді (2 аптадан 1 айға дейін) мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

Қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – бастауыш

мектепте оқуға балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін және мектеп жағдайларына табысты бейімделуін

қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру.

Курстардың мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының негізінде әзірленген (www.irrd.kz) және балалар әрекетінің түрлерін кіріктіру арқылы іске асырылады.

Курс балаларда мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабақтар жүйесін ұсынады. Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі – ойын-сабақтар. Барлық сабақтар балаларға қызықты саяхат ретінде (мысалы, квест, логикалық ойындар, саяхат сабақ т. б.) өткізіледі, олардың барысында бала оқу міндеттерін қолжетімді тәсілдермен шешуге үйренеді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері

Топта (мектепалды сыныпта) эмоционалдық жайлылықты орнату.

Балаларға жылы қабақ таныту, барлық балаға мейірімді, кешірімді болу, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне құрметпен қарауды, жетістіктеріне қуана білуді, бастамашылдығына қолдау көрсетуді, оларға сенім артуды, әр бала өзін қауіпсіз сезінуі үшін, мұнда оны жақсы көретініне, оған қамқорлық жасайтынына сенімді болуды, баланың жеке басына құрмет көрсетуді және т.б.білдіреді. Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу.

Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс.

Сапалы маңызды өзара іс-әрекет - педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету болып табылады.

Педагог келесі функцияларды атқарады:

- перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады (балалар мектепалды сыныпта болған кезде), «Баланың жеке даму картасын» толтырады;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;

— ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады;

- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Бағдарлама мазмұнның іске асыру педагогтен балаларға нұсқаушы ретінде қарауды емес серіктестік қарым-қатынас жасауды, баламен бірге ойнауды, бірлесіп әрекет жасауды көздейді. Сондықтан баламен күнделікті жұмыс жасау барысында өзіне ыңғайлы киімдерді киюге (спорттық, классикалық) болады.

Ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыруда дәстүрлі форматта емес балалар қызығатындай олардың түрлі әрекеттері арқылы ойын түрінде жаңа форматта ата-аналарды «көрермен» ретінде қабылдамай, оларды ұйымдастырушы ретінде тартып өткізу ұсынылады. Аталған шараларда тандалған ән, би, қойылымдар (хит, той әндері мен билері, балаларды қатыгездікке жетелейтін емес) балалардың жасына сәйкес бастысы тәрбиелік мәні болуы қажет.

Ата-аналарды білім беру процесіне тарту балаларды, ата-аналарды және педагогтерді бір командаға біріктіруге, олардың арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға, бір-бірімен өз проблемаларын бөлісуге және оларды бірлесіп шешуге ұмтылуға жағымды әсер етеді. Осы міндетті тиімді іске асыру үшін **«Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдары ұсынылады.**

<http://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2023/04/200423.pdf>

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (*ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес*) ұйымдастыру.

Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау.

Баланы дамыту ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, шаршатпай ойын түрінде, сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекетті барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу ұсынылады. Балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындапотырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес Үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары [14] қолданылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепалды даярлық тобы /сыныбының толықтырылуы (5 жастан бастап) - 25 баладан артық емес. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабының нормасына [9] сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес педагог келесі функцияларды атқарады:

- перспективалық жоспарды және циклограмманы (балалардың мектепалды сыныбында болатын мерзімге) құрастырады;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі жаттығу, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т.б.),серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т.б. ұйымдастырады және өткізеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу

Мониторинг жүргізудің әдістері мен тәсілдері

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

- Стандарт талаптарын;
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;
- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;
- мектепке дейінгі педагогика мен психология әдістерін ;
- мониторинг өткізу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру деңгейін есептеу әдістерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды **меңгеру** қажет.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектептердің мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі. Мониторингтің критерийлері балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін:

1) дене шынықтыру (ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған бейімделген дене шынықтыру);

2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

3) сөйлеуді дамыту;

4) көркем әдебиет;

5) сауат ашу негіздері;

6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);

7) сенсорика;

8) математика негіздері;

9) құрастыру;

10) қоршаған ортамен таныстыру;

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы күні бойы іске асырылатын тәрбиелеу- білім беру процесінің күтілетін нәтижелер болып табылады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде

бақылау;

- әңгімелесу;

- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде

жүргізіледі. *Мониторинг* жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Мониторинг жүргізу ерте жас тобында аралық ал қалған топтарда бастапқы бақылаудан басталады. Осы жастағы балалардың психо-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес аралық және қорытынды мониторинг жүргізу үшін жеке-жеке критерийлер берілген. Ерте жас тобы Үлгілік бағдарлама мазмұнын алғаш рет игеріп отырғандықтан оларда бастапқы бақылау жүргізілмейді.

Басқа топтар (сыныптар) үшін Бастапқы бақылау алдыңғы жастың бақылау парақтарымен жүргізіледі (мысалы, ересек топ үшін ортаңғы топтың бақылау парақтары қолданылады). Ал аралық және қорытынды бақылау жүргізу үшін сол жасқа сәйкес бақылау парақтарымен жүргізіледі. Әрбір бақылауды жүргізу кезінде бақылау парақтарында берілген орынға бастапқы, аралық немесе қорытынды алынып жатқан бақылау кезеңін жазып қою қажет болады.

*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын
меңгеру деңгейлерін есептеу әдістемесі*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жасалды. Мониторингті жүргізу үшін ұйымдастырылған іс-әрекеттердің критерийлері жеке-жеке қайта қаралып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіші топта 4, ортаңғы топта 5, ересек топта 6, мектепалды сыныптары мен топтарында 7 критерий іріктеліп алынды (*1 Қосымша*).

Критерийлер көрсеткіштер ретінде кодпен берілген. Мысалы, «3- Ш.3.» Алғашқы жолдағы «3» саны баланың жасын білдіреді, яғни бала 3 жаста. Бас әріппен берілген «Ш» дегеніміз - «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуды» білдіреді. Келесі «3» саны «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша күтілетін нәтиженің ретін білдіреді.

Бақылау парақтары Excel форматта берілген, сонда алдымен оқу жылы, мониторинг алынып отырған топтың атауы, өткізу кезеңі мен мерзімі және балалардың аты жөні туралы мәліметтер толтырылады.

Бақылау парақтарында мониторингтің критерийлері (күтілетін нәтижелер) және соған сәйкес 3 индикатор берілген. Мысалы, кіші топ сөйлеуді дамыту бойынша төмендегі кестедегідей толтырылады, бір критерийге берілген 3 индикатордың біреуі (1 санымен) ғана белгіленеді де қалған индикаторларға ешқандай белгі қойылмайды.

Баланың аты-жөні	Критерийлер		
	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады:		
	Индикаторлар		
	<i>анық айтады</i>	<i>кейбіреуін айтады</i>	<i>анық айта алмайды</i>
Серікбай Айдос		1	

Осылай барлық топтағы балалардың нәтижелерін қойып болған соң Excel бағдарламасы автоматты түрде әрбір индикатордың қорытындысын шығарады.

Мұнда әрбір критерийдің бірінші индикаторы жоғары, екінші индикаторы орташа ал үшінші индикаторы төмен деңгейді білдіреді. Бақылау парағының төменгі жағында берілген ұяшықта балалар мен педагогтің

Үлгілік бағдарламаның күтілетін нәтижесіне жетудің пайыздық көрсеткішін және одан төменде орналасқан жоғары, орташа, төмен ұяшықтарында балалардың біліктер мен дағдыларды игеру деңгейінің пайыздық көрсеткішін және соған сәйкес

балалардың санын автоматты түрде есептеп шығарады.

Excel форматта берілген қосымшалармен мониторингті жүргізу, мониторингті автоматты түрде жылдам есептеуге мүмкіндік береді.

1) Формула белгілерінің толық жазылуы және есептеу әдістемесі:

N – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша индикаторлардың жалпы саны. Саны балалар тізіміне сәйкес педагогтің белгілеген «1» сандарының қосындысынан шығады.

N_1 - жоғары деңгейдегі индикаторлар саны N_2 – орташа деңгейдегі индикаторлар саны N_3 – төмен деңгейдегі индикаторлар саны

2) Балалардың біліктері мен дағдыларын, құзыреттіліктерін қалыптастыруда педагогтің күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі:

$$\text{Жоғары нәтиже, \%} = \frac{N_1 * 100\%}{25}$$

$$\text{Төмен нәтиже, \%} = \frac{N_3 * 100\%}{25}$$

3) Бағыттардың біріне негізделген критерийлер (өлшемшарттар) бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау формуласы:

$$\Phi_{\text{жоғары}} = \frac{(n1_{\phi1} + n1_{\phi2} + n1_{\phi3} + \dots + n1_{\phi n})}{n}$$

$$\Phi_{\text{органа}} = \frac{(n_{\phi 1}^2 + n_{\phi 2}^2 + n_{\phi 3}^2 + \dots + n_{\phi n}^2)}{n}$$

$$\Phi_{\text{төмен}} = \frac{(n3_{\phi 1} + n3_{\phi 2} + n3_{\phi 3} + \dots + n3_{\phi n})}{n}$$

Осылайша басқа кодтар бойынша жоғары, орташа, төмен деңгейлерді есептеуге болады.

Excel форматтағы Бақылау парақтарында берілгендей егер топтағы бала саны 25-тен кем немесе артық болған жағдайда таблицадағы ең төменгі ұяшықтың үстінен тінтуірмен бассңыз жоғарыдағы жолда 25 саны көрінетін формула пайда болады. Оны топтағы қажетті бала санына түзетіп, одан кейін төменгі «педагог пен баланың күтілетін нәтижелерге жетуі» бойынша нәтижелер дұрыс шығуы үшін осы жолақтың бірінші ұяшығын шетінен тінтуірмен шертіп алып, соңына дейін белгілеу қажет. Осылайша топтағы бала санына сәйкес нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Стандартқа сәйкес ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылатындығын ескере отырып, аталған балаларға мониторинг жүргізу үшін берілген критерийлерді бейімдеп жүргізу ұсынылады.

Жас ерекшелігі әртүрлі қағидасы бойынша жас топтарында мониторинг балалардың жасына сәйкес жүргізіледі.

Сонымен осылай әрбір критерийге берілген үш индикаторға сәйкес балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруін, өз білімін қолдана отырып, білік, дағдыларды игеруін, сондай-ақ балалар мен педагогтің күтілетін нәтижеге жету деңгейлерін анықтауға және баланың жеке даму картасын жүргізу үшін алдағы жұмысты жоспарлауға жалпы жеке баламен, топпен тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға болады.

Мониторингті осылай әрбір критерийдің индикаторларына сәйкес белгілеу, мониторингті шынайы жүргізуге мүмкіндік береді, сондай-ақ топтың Үлгілік бағдарламаны игеруі бойынша толық нәтижесін көруге, Үлгілік бағдарлама мақсатына жетуге әрбір баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Топтың мониторинг нәтижелері негізінде мектепке дейінгі ұйымның әдіскері берілген қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның мониторингін ұйымдастыру үшін алдымен берілген қосымшаға сәйкес жас топтары бойынша тәрбиешілер мен педагогтердің жасаған мониторингі негізінде жеке-жеке жинақ есепті құрастырады. Жинақ есепке барлық топтар бойынша алынған мәліметтерді енгізген соң қорытындысы балалардың саны мен пайыздық көрсеткіштері автоматты түрде шығады.

Аудандық білім бөлімдері мен облыстық білім басқармаларының әдіскерлері мен мамандары аудан, облыс бойынша мониторингті берілген қосымшаларға сәйкес алынған мәліметтерді кестеге енгізген кейін қорытындысы балалардың саны мен пайыздық көрсеткіштері автоматты түрде шығады.

Оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын әзірленеді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды

бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізіледі.

Топтың мониторингінен алынған деректер негізінде оқу жылына Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізеді.

Бастапқы бақылау нәтижесіндегі шаралар (дамытушы, түзету) қазан-желтоқсан, аралық бақылау нәтижесіндегі шаралар ақпан-сәуір, қорытынды бақылау нәтижесіндегі шаралар маусым-шілде айларында жүргізіледі.

Қорытындыға Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген күтілетін нәтижелерге сәйкес баланың даму деңгейі жазылады.

Жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі және мектептің (лицей, гимназия) мектепалды сыныптың тәрбиешісі дербес толтырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
3. Үлгілік оқу жоспарлары: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық, – Астана, 2022.– 178 б.
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары. – Астана, 2023. – 63 б.
7. Басынан бастап: инклюзивті мектепке дейінгі білім беру арқылы инклюзивті қоғам құру: ЮНЕСКО Баяндама. – ЮНЕСКО, 2021. – <https://www.unesco.org/ru/articles/yunesko-nastoyatelno-prizyvaet-pravitelstva-sdelat-doshkolnoe-obrazovanie-dostupnym-dlya-vsekh>
8. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
9. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>
10. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.– <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>
11. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы–<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>
12. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы– <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>
13. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>
14. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>
15. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>
16. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты нысандары – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

17. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>

18. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

19. Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

20. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

21. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

22. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

23. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

24. Балаларды ерте дамыту институты порталы – 2022.– <https://www.youtube.com/@user-ik2be7lb2v/videos>

25. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы : Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 20317 болып тіркелді– <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын
меңгерту бойынша жүргізілетін мониторинг критерийлері мен
индикаторлары**

Ерте жас тобы (1 жастағы балалар)			
Физикалық қасиеттерді дамыту			
<i>Дене шынықтыру</i>			
(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)			
1-Ф.1	негізгі қимыл түрлерінің бастапқы дағдыларын меңгерген		
	<i>меңгерген</i>	<i>ішінара меңгерген</i>	<i>меңгермеген</i>
1-Ф.2	дене жаттығуларын орындауға қызығушылық танытады, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіреді:		
	<i>қызығушылық танытады, өзін ретке келтіреді</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады, өзін ретке келтіруге тырысады</i>	<i>қызығушылық танытпайды, сыртқы келбетіне мән бермейді</i>
1-Ф.3	тура жолдың бойымен жүреді:		
	<i>жүреді</i>	<i>тырысада</i>	<i>жүрмейді</i>
(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)			
1-Ф.4	заттардың арасымен жүреді:		
	<i>жүреді</i>	<i>жүруге талпынады</i>	<i>жүрмейді</i>
1-Ф.5	жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтеріледі және одан түседі:		
	<i>жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтеріледі және одан түседі</i>	<i>жұмсақ модульге немесе гимнастикалық скамейкаға көтеріледі және одан түседі</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
1-Ф.6	ересектердің көрсетуімен жалпы дамытушы жаттығуларды орындайды:		
	<i>орындайды</i>	<i>ішінара орындайды</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
1-Ф.7	ересектердің көмегімен өзіне-өзі қызмет көрсетудің қарапайым дағдыларын сақтайды:		
	<i>сақтайды</i>	<i>сақтауға тырысады</i>	<i>сақтауға талпынбайды</i>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту			
<i>Сөйлеуді дамыту</i>			
(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)			
1-К.1	суреттерден айтылған сөзге сәйкес келетін ойыншықтарды, заттарды табады және көрсетеді:		
	<i>табады, көрсетеді</i>	<i>ішінара табады, кейбіреуін көрсетеді</i>	<i>табуға талпынбайды</i>
1-К.2	дыбыстық тіркестер мен кейбір сөздерді еліктей отырып, айтады		
	<i>дұрыс айтады</i>	<i>кейбіреуін айтады</i>	<i>айта алмайды</i>

1-К.3	эмоционалды көңіл-күйді түсінеді және өзінің эмоциясын ым-ишарамен көрсетеді:		
	<i>түсінеді, эмоциясын көрсете алады</i>	<i>ішінара түсінеді, эмоциясын көрсетуге тырысады</i>	<i>эмоциясын білдірмейді</i>

(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)			
1-К.4	заттардың атын, түсін, мөлшерін, көлемін, орнын біледі және атайды:		
	<i>біледі, атайды</i>	<i>кейбіреуін біледі, атайды</i>	<i>біледі, бірақ атай алмайды</i>
1-К.5	сөзбен немесе қысқа сөз тіркестерімен өз өтінішін білдіреді:		
	<i>өтінішін сөзбен жеткізеді</i>	<i>өтінішін қысқа сөз тіркестерімен білдіреді</i>	<i>өтінішін жеткізе алмайды</i>
1-К.6	ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындарды ойнайды:		
	<i>қуана ойнайды</i>	<i>ішінара ойнайды</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
1-К.7	екі, үш сөзден тұратын сөйлемді айтады:		
	<i>айтады</i>	<i>толық айта алмайды</i>	<i>айта алмайды</i>
Көркем әдебиет			
(1 жас 1 жас 6 айға дейін)			
1-К.8	шағын, мазмұны түсінікті әңгімелерді, тақпақтар мен өлеңдерді қызығушылықпен тыңдайды және түсінеді:		
	<i>тыңдайды, түсінеді</i>	<i>ішінара түсінеді</i>	<i>тыңдайды, бірақ түсінбейді</i>
1-К.9	жалпақ және көлемді иллюстрацияларымен кітаптарды қарайды:		
	<i>қызығушылықпен қарайды</i>	<i>қызығушылық танытпай қарайды</i>	<i>кітапқа қызығушылық танытпайды</i>
(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)			
1-К.10	көрнекіліксіз таныс шығармаларды тыңдайды:		
	<i>ықыласпен тыңдайды</i>	<i>тыңдауға талпынады</i>	<i>тыңдамайды</i>
1-К.11	кітаптардағы суреттерді өз бетінше қарайды, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетеді:		
	<i>қызыға қарайды, кейіпкерлерді көрсетеді</i>	<i>кітаптардағы суреттерге назар аударады, суреттерге зейін қоюға тырысады, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетеді</i>	<i>суреттерді қарайды, бірақ назарын тез басқа жаққа аударады, ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетпейді</i>
1-К.12	оқылған таныс шығармалардағы, өлеңдердегі сөздер мен сөз тіркестерін қайталап айтады:		
	<i>қайталайды</i>	<i>қайталауға талпынады</i>	<i>қайталамайды</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			
Сенсорика			
(1 жас 1 жас 6 айға дейін)			
1-Т.1	заттармен әртүрлі әрекеттер орындайды:		
	<i>қызығушылықпен орындайды</i>	<i>орындауға талпынады</i>	<i>орындамайды</i>
1-Т.2	заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастырады:		
	<i>орналастырады</i>	<i>орналастыруға тырысады</i>	<i>орналастыра алмайды</i>
(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)			
1-Т.3	күрделі заттармен әрекеттерді орындайды:		
	<i>қызығушылықпен орындайды</i>	<i>орындауға талпынады</i>	<i>орындамайды</i>

1-T.4	біртекті заттарды ортақ белгісі (өлшемі, пішіні) бойынша топтастыра біледі:		
	<i>дұрыс топтастырады</i>	<i>дұрыс топтастырады</i>	<i>дұрыс топтастырады</i>
1-T.5	негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажыратады:		
	<i>ажыратады</i>	<i>екі түсті ажыратады</i>	<i>ажырата алмайды</i>

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			
<i>Мүсіндеу</i>			
(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)			
1-III.1	<i>мүсіндеуге қызығушылық танытады</i>		
	<i>қуанады</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>қызықпайды</i>
1-III.2	ермексазды, сазбалшықты алақан арасында домалата алады:		
	<i>домалата алады</i>	<i>домалатуға талпынады</i>	<i>домалата алмайды</i>
(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)			
1-III.3	жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндейді:		
	<i>қызығушылықпен мүсіндейді</i>	<i>мүсіндеуге тырысады</i>	<i>мүсіндей алмайды</i>
1-III.4	тәрбиешінің көрсетуі бойынша алынған пішіндерді құрастыра біледі:		
	<i>құрастырады</i>	<i>құрастыруға тырысады</i>	<i>құрастыра алмайды</i>
<i>Музыка</i>			
(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)			
1-III.5	музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылық танытады:		
	<i>қызығушылық танытады</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
1-III.6	музыкамен жүре алады:		
	<i>жүреді</i>	<i>жүруге талпынады</i>	<i>жүре алмайды</i>
1-III.7	ересектердің орындаған әндерін тыңдайды:		
	<i>ықыласпен тыңдайды</i>	<i>кейде тыңдайды</i>	<i>тыңдамайды</i>
(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)			
1-III.8	таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдайды, оны соңына дейін тыңдайды:		
	<i>қабылдайды және тыңдайды</i>	<i>қабылдайды, бірақ соңына дейін тыңдамайды</i>	<i>қабылдамайды, ішінара тыңдайды</i>
1-III.9	ересекпен қосылып әннің кейбір сөздерін айтады:		
	<i>айтады</i>	<i>айтуға тырысады</i>	<i>айта алмайды</i>
1-III.10	жалаушаны желбіретеді, сылдырмақты сылдырлатады:		
	<i>желбіретеді, сылдырлатады</i>	<i>әрекеттерді орындауға талпынады</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			
<i>Қоршаған ортамен таныстыру</i>			
(1 жастан 1 жас 6 айға дейін)			
1-Ә.1	өзіне жақын адамдарға күлімсірейді, басын изейді, қолын бұлғайды:		
	<i>жақын адамдарын жақсы көреді, эмоционалды, елгезек</i>	<i>жақын адамдарын таниды, эмоция білдіреді</i>	<i>тұйық, эмоцияны ажырата алмайды, білдірмейді</i>
1-Ә.2	қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылық танытады:		

	<i>қызығушылық танытады</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
(1 жас 6 айдан 2 жасқа дейін)			
1-Ә.3	ересектердің дауысын тыңдайды, олардың қимылдарына еліктейді, оған көмекке жүгінеді:		

